

## ПЕРСПЕКТИВЫ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

В Казахском национальном университете имени аль-Фараби прошло заседание Учебно-методического объединения Республиканского учебно-методического совета с участием вице-министра образования и науки РК Асхата Аймагамбетова, представителей «Назарбаев интеллектуальных школ» и других международных школ, Национального центра тестирования, Холдинга «Кәсіпқор», руководителей высших учебных заведений республики и мн. др.



В приветственном слове к участникам заседания ректор КазНУ имени аль-Фараби Галым Мутанов отметил, что заседание учебно-методического объединения проходит в те дни, когда вся страна обсуждает Послание Президента Республики Казахстана Н.А. Назарбаева «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции», в котором особое внимание уделено человеческому капиталу как ключевому фактору модернизации общества.

Открывая заседание Учебно-методического объединения, вице-министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов назвал перспективы системы образования в свете Послания Президента.

Перед вузами РК поставлена задача формирования ИТ-компетенций у обучающихся не только ИТ-, но и всех направлений подготовки. Для этого необходимо обновление содержания образовательных программ с привлечением зарубежных вузов и транснациональных компаний с учетом «Атласа новых профессий».

В перспективе Казахстану предстоит стать образовательным хабом для таких стран, как Индия, Китай, Пакистан, Турция, Египет, Россия. Реализация данной задачи позволит казахстанским вузам к 2020 году довести долю иностранных студентов от общего количества до 5%.

Для эффективного решения управленческих вопросов и развития академической мобильности казахстанским вузам рекомендовано привлекать зарубежных менеджеров.

В перспективе рейтинг вузов и образовательных программ будет осуществляться Национальной палатой

предпринимателей «Атамекен». Одним из критериев оценивания будет трудоустройство и средняя заработная плата выпускников, данные которых берутся из Единой системы управления высшим образованием (ЕСУВО). Результаты будут публиковаться в СМИ.

Планируется внесение изменений в Правила проведения и перечень профильных дисциплин ЕНТ и КТ, Правила размещения госзаказа на подготовку кадров с высшим и послевузовским образованием, в формат вступительных экзаменов в магистратуру, в частности о комплексном тестировании в профильную магистратуру с английским языком обучения по аналогии с тестами GMAT/GRE.

В рамках комплекса мер, принимаемых вузами по реализации государственной программы «Рухани жаңғыру», участники заседания обсудили обновленные учебные программы по социально-гуманитарным дисциплинам, внесли предложения по актуализации ГОСО высшего и послевузовского образования.

По вопросу о признании отечественными вузами результатов обучения выпускников НИШ и других школ, реализующих программы 12-летнего образования, и предоставлении им дополнительных элективных (выборочных) дисциплин выступила Председатель правления АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Куляш Шамшидинова и предложила рассмотреть вопросы перезачета кредитов по общеобразовательным дисциплинам, а также разработать программы сокращенного бакалавриата для выпускников вышеуказанных школ.

Продолжение на 4 стр.

## «МАТЕМАТИКТЕРДІҢ БАУЫРЖАНЫ» АТАНҒАН ПРОФЕССОР

Жуырда механика-математика факультетінде Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Серікқали Есқалиұлы Темірболаттың туғанына 80 жыл толуына арналған ғылыми семинар және «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген «Серікқали ТЕМІРБОЛАТ» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Жалғасы 5-бетте

## ҰЛТТЫҚ КОД – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ТҮПНЕГІЗІ

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, «Сананы тұрмыс билейді» деген қағидаға сәйкес, алдымен халықтың тұрмыс жағдайын түзеуді мақсат ете отырып, дағдарысқа ұшыраған ел экономикасын сауықтыруға бет бұрдық. «Экономикалық терапия» бүгінгі таңда белгілі бір деңгейде өзінің межесіне жеткеннен соң, қоғамның рухани саласын жаңғыртудың кезегі келгендігін Елбасы Н. Назарбаев тереңірек түйсіне отырып, осы жылдың басында өзінің өзекті мақаласын жариялады.

Бұл мақала өмірмәнділік мәселелерді қозғайтын, қоғамдағы мәдени-рухани саланы баянды ететін нақты ұсыныстарды Қазақстан халқына паш еткен болатын. Жалпы алғанда, жеке адамнан бастап, жалпы адамзаттың руханилық әлемі – терең парасаттылықты қажет ететін «феноменальді ноумен». Сондықтан да Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамымыздың рухани дамуының бет алысын саралауда заманауи әлеуметтік болмысты екшей отырып, қоғамның қондырмасына (рухани келбетіне) да баса назар аударды.

Біз осы мақаланың ауқымында «Ұлттық код» ұғымын ойталқыға салып, философиялық-терминологиялық-герменевтикалық-семантикалық талдаулар жасап өтпекпіз. Себебі, «Ұлттық код» ұғымы көпшілік қоғамдық сана үшін арнайы түсіндіруді қажет ететін кәсіби философиялық термин санатына енеді. Қоғамдық ой-санада, тіптен, күнделікті қоғамдық пікірде, ойталқыларда «Ұлттық код» ұғымы жөнінде жан-жақты пікірлер айтылуда, десек те, осы бір терминнің мән-мағынасын терең түйсініп, байыбына тереңірек бойлай бермейтін ойлар да айтылып калып жатады. Біздіңше, бұл ұғым философиялық дискурс аясында ғана терең де мағыналы түсініктемесін ала алады деп ойлаймыз.

Ұлттық код, біздің пайымдауымызша, әлдебір халықтың генезисін, тілі мен ділін, діні мен тарихи жадын, демек, тұтас болмысын қамтитын биосоциогенетикалық түсінік.

Жалғасы 6-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



2-бет

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ



3-бет

ЗАМАН ТАЛАБЫНА  
САЙ ҚЫЗМЕТ



8-бет

РЕКТОРАТ

# БОЛАШАҚҒА ҰМТЫЛҒАН УНИВЕРСИТЕТ

## Кезекті ректорат мәжілісі дәстүрге сай шәкіртақы табыстау рәсімімен басталды.

Филология және әлем тілдері факультетінің талапты шәкірттеріне арналған шәкіртақыны «Шинхан банк Қазақстан» АҚ тарапынан басқарушы директоры Нариман Максұтұлы табыстады. Сондай-ақ Қиыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі Наталья Ем корейтанумен айналысатын магистрант және доктранттарға арналған Korean Foundation ұсынған шәкіртақыларды табыстады. Айта кетерлігі, Қиыр Шығыс кафедрасы Корейтану академиясының ғылыми-іргелі зерттеулерін жүзеге асыруға арналған грантының иегері атанды. Әлемнің 15 мемлекетінің 18 зерттеушілер тобын байланыстыратын аталмыш грант корейтануды дамытуға арналған.

Ректорат мәжілісінде университет фотографы Марат Жүнісбековтің Наурыз мейрамындағы бүлдіршіндердің казак биін орындау сәті бейнеленген фотосы ЮНЕСКО күнтізбесіне енді. Аталмыш жетістікпен Марат Жүнісбековті Алматыдағы ЮНЕСКО кластерлік бюросының директоры Криста Пиккат арнайы құттықтады. Ректор Ғалым Мұтанов осынау жетістікпен Марат Жүнісбековті ұжым атынан құттықтап, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелерге көшкен тұста мінбеге көтерілген кафедра меңгерушісі



Ермек Әубәкіров QS Subject Rankingте химия және химиялық технология факультетінің кафедраларын алға жылжыту бойынша Жол картасын ұсынды. Токталар болсақ, ғылыми жобаларды орындаушылар міндетті түрде бір жарияланымды халықаралық ғылыми конференцияға (Proceedings) жариялау. Бұл жарияланым халықаралық Scopus базасында тіркелуі тиіс. Өз кезегінде бұл факультет қана емес, университет рейтингін көтеруге ықпал

ететін болады. ҚазҰУ ғылыми журналдарында шетелдік авторлармен бірігіп, Хирша индексі бойынша жарияланым белсенділігін арттыру да маңызды.

Сондай-ақ мәжілісте химия және химиялық технологиялар кафедрасының өзге де кафедра меңгерушілері рейтингте алға жылжуға бағытталған өзіндік Жол карталарын ортаға салды.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

6 ақпанда ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретіндегі қызметінің нәтижелеріне арналған дөңгелек үстел өтеді.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Алматыдағы өкілдігі Қазақстан Республикасындағы Біріккен ұлттар ұйымының қоғамдық ақпарат департаменті және ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті бірлесіп өткізетін шарада БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдағы тұрақты емес мүшесі ретінде Қазақстанның негізгі бастамалары мен қызметіне қатысты мәселелер қарастырылады.

Халықаралық қатынастар факультеті

\*\*\*

«Айналанды нұрландыр» бағдарламасы аясында Шығыстану факультеті, үндітану бөлімінің оқытушылары мен студенттері Үндістан Елшілігі және Үндістанның Қазақстандағы үнді сауда және мәдениет палатасымен бірлесе отырып, «Халықаралық Хинди тілі» күні мерекесін атап өтті.

Алматы қаласында үнді мәдениетімен танысып, хинди тілін оқып жатқан студенттер аталмыш мерекеді үнді тілінде әсем ән шырқап, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды.

Үндістанның Қазақстандағы Төтетше және Өкілетті Елшісі Прабхат Кумар: «Аталмыш мерекенің казак жерінде де ескерілуі – үнді халқына деген шынайы достастық дәлелі. Мерекелік бағдарламаны тамашалау барысында үнді тілінде шырқалған әсем әндер мен мың бұралып көрсетілген билер мені құдды бір үнді даласында отырғандай күйге бөледі», – деп ризашылығын білдірді.

Жиын соңында казак-үнді достығының күшейе түсуінің кілті – жас үндітанушы мамандардың қолында деген шараға қатысушылар барша көрермендер мен ұйымдастырушыларға жылы лебіздерін білдірді.

Д. КӨКЕЕВА,

Үндітану бөлімінің меңгерушісі,

Таяу Шығыс және

Оңтүстік Азия кафедрасы

\*\*\*

Механика-математика факультетінің 1-курс студенттері Кіші Алматы шатқалында орналасқан «Медеу» мұз айдынына барып, оның қалыптасу тарихымен танысты.

Елбасының «Қазақстан – 2030» жолдауында ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мән әл-ауқаты» тармағында азаматтарымызды салауатты өмір сүру салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етілген. Осы тұрғыда ҚазҰУ-да көптеген шаралар атқарылуда.

С.М. НАРБАЕВА,

іргелі математика кафедрасының куратор-эдвайзері

Баспасөз қызметі

## ОБМЕН ОПЫТОМ

### Ректор КазНУ им. аль-Фараби Ғалым Мутанов встретился с проректором Стамбульского университета Айдын Орханом Джанболатом.

В приветственной речи ректор КазНУ Ғалым Мутанов отметил родственные связи между Турцией и Казахстаном, подчеркнув готовность к сотрудничеству с Стамбульским университетом. «На сегодняшний день КазНУ сотрудничает с 21 высшим учебным заведением Турции. В рамках программы академической мобильности Mevlana Exchange КазНУ им. аль-Фараби осуществляет мобильность обучающихся и преподавателей с университетами Гази, Мугла, Анкара, Газиантеп, Ататюрк и Анадоли, а также в рамках ЕС программы Эразмус + с университетами Эрзинжан, Гази, Хажеттепе, Анадоли. На факультете востоковедения работает кафедра «Тюркской». Ее деятельность призвана способствовать углублению культурно-гуманитарной и научно-технической интеграции и развитию научно-образовательных связей», – сказал ректор КазНУ.

Проректор Стамбульского университета Айдын Орхан Джанболат поблагодарил за предоставленную возможность обменяться опытом работы и мнениями по приоритетным направлениям сотрудничества.

В ходе встречи ректором КазНУ Г. Мутановым было озвучено открыть стоматологический факультет на базе КазНУ. Предложение было поддержано Стамбульским университетом. Турецкая сторона выразила заинтересованность в создании факультета.

Стороны обсудили приоритетные направления развития двустороннего взаимодействия, наметили план действий.

Пресс-служба

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

### ҚазҰУ басшылығы Түркияның Нийде Омер Халисдемир университетінің ректоры Мухсин Кармен бастаған делегация өкілдерімен кездесті.



Жиынды ашқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мутанов: «Тарихи тамыры бір туыстас түрік елімен қарым-қатынасымыз ежелден бастау алған. Осы орайда ҚазҰУ Түркияның көптеген университеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатып келеді. Сондықтан да екі ел арасындағы мәдени және рухани байланыстардың кенінен дамуы кездейсоқ құбылыс емес», – деп туыстас екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуге ниет білдірді.

Өз кезегінде сөз алған Түркияның Нийде Омер Халисдемир университетінің ректоры Мухсин Кармен өзі басқаратын университет туралы мағлұмат бере келе, әріптестік орнатуды ұсынды.

«Ашылғанына 26 жыл болған оқу орны осы жылдар аралығында республикамыздың білім беру жүйесі үшін жоғары білікті педагог

кадрлар, экономистер, архитекторлар, ауыл шаруашылығы мамандарын, инженерлер мен ғылыми қызметкерлер даярлап келеді. Бүгінде оқу орнында 10 факультет, 2 институт, 6 кәсіби колледж 30-дан астам мамандық бойынша білім береді. 2005 жылдан бастап университетте Erasmus бағдарламасы қолға алынып, әлемнің 21 университетімен академиялық келісім ынтымақтастығы орнаған», – деді Мухсин Кармен.

Кездесу барысында тараптар академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында студент алмасу, бірлескен жобалар әзірлеу, тәжірибе алмасу және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған шараларды талқыға салып, университет ректорлары өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



**Саябек ЗИЯДИН,**  
д.э. н., профессор,  
директор Экономического  
исследовательского института

## ЦИФРОВАЯ ЭКОНОМИКА

Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев в своем традиционном ежегодном Послании народу Казахстана от 10 января 2018 года «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» отметил, что условие развития нашей страны в соответствии с цивилизацией – разработка цифровых технологий в любом из основных источников 10 фундаментальных направлений – одна из основных целей. Из-за развития Интернета, который охватывает весь мир с большой экономической связью, мобильной связью и широким спектром информации который выводит весь мир на передний план, также из-за сокращения расходов на различные виды товаров и услуг, потребляемых человеком, появилась концепция цифровой экономики, основанная на цифровых технологиях. Термин «цифровая экономика» был впервые представлен в 1995 году американским ученым Николасом Негропонтне. В нынешнюю эпоху если даже термин не имеет четкого определения – играет активную роль в социально-общественных и производственных отношениях стран, стремящихся к цивилизации во всем мире.

В Послании Глава государства подчеркнул, что развитие технологической инфраструктуры и использование большой базы данных (big data) могут привести к массовой цифровой трансформации нашего общества. Если предыдущий этап оцифровки характеризуется расширением доступа к Интернету миллионов потребителей, то новый этап – это сочетание широкого спектра цифровых услуг, продуктов и систем в киберфизическую систему. По мнению многих экспертов, в ближайшие 5-7 лет наша жизнь может кардинально измениться, и наша задача – обеспечить включение Казахстана в список передовых технологических стран.

Как отметил ректор КазНУ им. аль-Фараби, доктор технических наук, академик Г. Мутанов на одном из семинаров для ИТ-специалистов: «В результате глобализации экономики и развития технологических процессов в информационно-коммуникационных технологиях система образования представляет собой виртуальную среду обучения, дистанционное обучение, онлайн-обучение, обучение в режиме реального времени, инструменты социальных сетей, сетевые библиотеки и данные банковской доступности». Об этом свидетельствует система «E-campus» в нашем университете. Стоит отметить, что цифровая диверсификация наблюдается в зарубежных рейтинговых компаниях, и в результате исследования авторитетного агентства «World University

Ranksings QS» (Великобритания) КазНУ им. аль-Фараби занимает 236 место среди лучших в мире университетов.

Исходя из вышесказанного, цифровая экономика может обеспечить целый ряд секторов, которые могут быть направлены через эту цифровую экономику, поскольку она оказывает многообещающее влияние на социальные услуги и все сектора экономики.

Говоря о цифровой экономике, мы не можем не отметить тему блокчейна.

Блокчейн – это распределенный тип книги. Данные, записанные в цифровой форме, называются блоками (которые можно сравнить с одной страницей). Это позволяет использовать цепочку блоков, такую как вход в систему, доступный для всех с соответствующим разрешением. Также блокчейн открывает большие возможности для правительственных учреждений, особенно в проектах, связанных с земельным кадастром. Например, при использовании блокчейна уровень удаленной регистрации документов будет увеличен, а стоимость регистрации земельных участков будет уменьшена.

В Послании Глава государства подчеркнул, что «Смарт-технологии – это возможность развития агропромышленного комплекса». Также он отметил, что «аграрная политика должна быть направлена на кардинальное повышение производительности труда и увеличение экспорта переработанных товаров».

Что касается цифрового сельского хозяйства, основанного на «Смарт-технологиях», важно понимать, что передача этой сферы в цифровые пространства невозможна без внедрения системы мониторинга GPS / GLONASS (глобальная навигационная спутниковая система). Система GPS / GLONASS – это телеметрическая система для диспетчеризации

и мониторинга сельскохозяйственной техники на основе спутниковых систем. Эта система позволит организовать регистрацию сельскохозяйственных земель в регионах, рассчитать эффективность выполненных работ, их скорость выполнения и стоимость топлива и смазки для каждой транспортной единицы; анализировать и планировать технологические операции в каждой области, а также анализировать данные спутниковых наблюдений за полевыми районами, сельскохозяйственными землями, метеорологическими условиями и мн.др.

Многие государства делают вывод, что, помимо бизнеса и управления обществом, в новой цифровой экономике существует потребность в знаниях, которые характеризуют естественную и антропогенную среду в пространственных отношениях. Цифровые технологии могут оказать большое влияние на социальные ценности местных органов власти, ассоциаций и общин.

В заключение можно отметить, что развитие цифровой экономики не только влияет на внутреннюю и внешнюю бизнес-среду, но также влияет на политические возможности правительства. В предприятии, ориентированном на производство, Интернет может продавать продукцию любому предприятию, даже при небольших капиталовложениях по всему миру, может способствовать сокращению расходов и значительно повысить производительность и эффективность. Однако технологические изменения создают новые рыночные правила для бизнеса, согласно которым необходимо находить новые конкурентные стратегии и повышать эффективность конкуренции. Правительство будет иметь возможность оценить общий прогресс в области цифровых технологий, определить успешную практику на местном уровне в цифровой области, разработать технологии в сфере общественных услуг и изменить правила и положения.

Как уже отмечено в Послании, мы преследуем высокую цель войти в число тридцати развитых стран, и переход к эпохе четвертой промышленной революции, глубокие и интенсивные изменения в технологической, экономической и социальной сферах – это светлое будущее для нашей страны.

Таким образом, цифровая экономика, которая стала актуальным требованием индустриализации цифровой эпохи, является одним из ведущих инструментов повышения качества социально-экономических, производственных отношений, различных услуг, социальной жизни населения, инновационного развития, управления инфраструктурными объектами с новым процессом цивилизации. В эпоху Четвертой промышленной революции десять основных задач нашего прогрессивного развития, основанных на цифровых технологиях, должны основываться на словах «Они ясны и прозрачны» в будущем.



**Нұртай ТОРМАНОВ,**  
биофизика және биомедицина  
кафедрасының профессоры

## ӨРКЕНІҢ ӨСЕ БЕРСІН, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан халқының басына көптеген қиындықтар түскеніне бәріміз куә болдық. Сол кезде әлемдегі түрлі сынақтарға төтеп бере отырып Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев бастаған қазақ халқы қарқынды экономикалық даму жолына алғашқы қадамын бастап кеткен болатын. Елбасы әлемде болып жатқан түрлі өзгерістер мен сын кәтерлерге дайын болу қажеттілігін ескертті. Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясын бастады. Сол қабылданған стратегиялық жоспар біртіндеп іске асырылып жатқандығы бәрімізге аян.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері жайлы Елбасының Қазақстан халқына жолдауын басылым бетінен оқып, жана әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін атқарылуға тиіс 10 міндетпен таныстық. Биология және биотехнология факультеті, биофизика және биомедицина кафедрасының ұжымы Жолдауды асқан ыждаһаттылықпен қабылдап, қызу қолдау білдірді.

Биылғы Жолдаудың басты ерекшелігі – жана әлемге, яғни төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістіктерге жету жолын іске асыру үшін қандай шаралар атқарылуы тиіс екендігі белгіленген. Осы көрсетілген 10 міндеттің ішінде білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздар мен ғалымдарға қойылатын басты міндет – жетіншісі. Адам капиталын жаңғыртудың негізі, яғни білім берудің жаңа сапасына өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету. Жоғары оқу орындарында педагогикалық кадрлар мен факультетімізді дамыту, білім берудің барлық деңгейінде математика мен жаратылыстану ғылымдарын оқытудың сапасын күшейту, үш тұғырлы тілді еркін меңгеруді жүргізу, 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшуді іске асыру, орта мектептер мен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының видеосабактары мен видеодәрістерін интернет арқылы оқыту керектігі көрсетілген.

Аталған бағыттар бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, оның ішінде биология және биотехнология факультеті биофизика және биомедицина кафедрасының ұстаздары да көптеген жұмыстар атқарып келеді. Оған дәлел студенттерімізге орыс, ағылшын тілдерінде дәріс оқу, ағылшын тілдерінде оқу-әдістемелік оқу құралдарын баспадан шығару және видеодәрістер дайындау, мектеп оқушылары мен студенттерге арнайы онлайн дәрістерді интернет арқылы оқу шараларын атап айтуға болады. Жастарға тәлім-тәрбие беруге, ұлттық сананың жаңғыру үдерісіне бағытталған шараларға да үлкен көңіл бөлінуде.



Инфрақұрылымдарды жасаған Амангелді ҚИЯС, «Егемен Қазақстан»

**ҚазҰУ-да Қазақстандағы Үндістанның Төтенше және Өкілетті Елшісі Шри Прабхат Кумардың «Елші сағаты» атты дәрісі өтті**

**Жақында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Ауған соғысының ардагері Болат Санабайұлы Сайлан «Құрмет» орденімен марапатталды.**

# ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ



жылдың 7 тамызына дейін Ауған жеріндегі азамат соғысына қатысады. 2 жылдан астам уақыт өмір мен өлімнің ортасында жүріп, оралған соі ол С.Киров атындағы ҚазМУ-дың дайындық факультетіне қабылданып, келесі жылы тарих факультетінің 1-курс студенті атанды.

Студенттік шағы туралы кезінде оған дәріс берген тарих ғылымдарының докторы,

профессор Берекет Кәрібаев былай дейді: «Студент кезінде Болат қазіргідей сабырлы, байсалды қалпын өзгертпеген күйі, әскери тәртіптің заңына сөйкес, оң қолын ғана көтеретін. Қарастырып отырған тақырыпқа байланысты сұрақ қойсаң, солдаттарша тұрып, нақты жауап беретін. Сөз саптауы мен ойы, пікірлері мен тұжырымдары өмір көргендігін аңғартатын. Сол кезден-ақ ол әр тақырыпқа мұқият дайындалып, баға үшін емес, білім үшін оқып жүргенін көрсететін. Болаттың киім киісі де басқа группаластарынан айрықшаланып тұратын. Университетке міндетті түрде костюм-шалбар, ақ көйлек және галстукпен келетін. Менің ойымша, ол сол кезден бастап-ақ өзін жоғары білімді азамат, болашақ зиялы қауым өкілі ретінде іштей дайындай бастаған секілді».

1993 жылы Болат Сайлан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін тамамдап, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасына оқытушы болып жұмысқа қабылданды. 1999-2001 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дайындық факультеті деканының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2001-2004 жылдар аралығында осы факультеттің деканы қызметін атқарды. Болат Санабайұлы Сайлан 2010 жылы 1 шілдеде «Кеңес өкіметі тұсын-дағы жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуы: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.)» тақырыбында докторлық диссертациясын

қорғап, ғылым докторы дипломын алады. Ол 2012 жылы өзі білім алған кара шаньрақ – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетіне қайта оралып, күні бүгінге дейін Қазақстан тарихы кафедрасында профессор болып қызмет атқарып келеді. Б.Сайлан – бүгінгі күндері елімізге белгілі ғалым. Ол алты монографияның, 100-ден аса ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалар мен оқу, оқу-әдістемелік құралдардың авторы болып табылады.

Ауған соғысында мыңдаған жас азамат жат елде жан тапсырып, қандастарымыздың көбі ұрыс даласынан жаракатпен оралды. Оқ пен оттың ортасынан аман-есен елге оралып, өз арманы мен алдына қойған мақсатына жете білген Болат Санабайұлының бүгінде ұрпақ тәрбиелеуге қосқан өзіндік үлесі зор. Ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысында, данасында, ғалымында, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді», – деп айтқандай, жан-жақты шәкірт тәрбиелеудегі барлық ауыртпалық ұстаздар еншісінде екені рас.

Ғалым, батыр ағамыз алдыңғы буын ағалардың өмір тәжірибесінен, білімінен үлгі алып, оның өмірге қажетті жақтарын үйреніп, оны байытып, рухани байлығын алға өрлететін өзінен кейінгі шәкірт ізбасарларын тәрбиелеуде. Әріптестері Болат Санабайұлын лайықты марапатымен құттықтап, болашақ ұрпаққа жоғары білім мен тәрбие берудегі еңбегіне табыс пен үлкен жетістіктер тілейді!

**Г. ҚОЗҒАМБАЕВА,**

*Қазақстан тарихы кафедрасының доценті*

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

## ПЕРСПЕКТИВЫ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

В целях эффективного использования выпускниками высвобожденного времени и повышения качества образовательных услуг вузам республики было рекомендовано также рассмотреть вопрос о предоставлении вузами дополнительных элективных дисциплин выпускникам НИШ и других школ, реализующих программы 12-летнего образования.

На заседании также был обсужден вопрос внедрения прикладного бакалавриата и синхронизации образовательных программ колледжей и вузов. Согласно Международной стандартной классификации образования (МСКО), программы прикладного бакалавриата соответствуют уровню 5, что означает первый этап третичного образования со сроком обучения от 2 до 4 лет. Между тем, в нашей стране образовательные программы прикладного бакалавриата направлены на подготовку квалифицированных рабочих кадров, специалистов среднего звена (4 уровень МСКО).

Особый интерес участников заседания вызвали доклады Президента Казахстанской ассоциации инженерного образования Досыма Сулеева о развитии системы общественно-профессиональной аккредитации и сертификации и директора Института информационных технологий и инновационного развития КазНУ им. аль-Фараби Ерлана Кистаубаева об автоматизации учебного процесса в КазНУ им. аль-Фараби.

Участники заседания имели возможность ознакомиться с достижениями университета. Они посетили Центр ситуационного управления университетом, Центр обслуживания студентов «Керемет».

Заседание Учебно-методического объединения Республиканского учебно-методического совета прошло продуктивно, по каждому вопросу участники заседания выработали конкретные предложения и решения.

**Акмарал СЫРГАКБАЕВА,**  
*ученый секретарь УМС РУМС*

## ПРИОРИТЕТЫ ИНКЛЮЗИВНОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ

**В Высшей школе экономики и бизнеса был проведен круглый стол с участием ведущих финансовых организаций Казахстана, посвященный применению принципов инклюзивного роста в обучающем процессе с целью дальнейшего развития практикоориентированного образования.**

Прошедший научно-методический круглый стол на тему «Применение принципов инклюзивного роста экономики в формировании университетских образовательных программ» позволил поддержать открытый диалог между научным и финансовым сообществами нашей страны. Основной целью данного мероприятия стало привлечение экспертов и практиков для обсуждения актуальных вопросов формирования образовательных программ в вузах Казахстана с учетом потребностей инклюзивного развития, в том числе через подготовку кадров для отечественного финансового сектора.

В работе круглого стола приняли участие представители Международного финансового центра «Астана», Бюро непрерывного профессионального развития МФЦА, Товарной биржи «Евразийская Торговая Система», Фонда гарантирования депозитов, страховых организаций, инвестиционных компаний, члены Совета работодателей Высшей школы экономики и бизнеса и ведущих вузов Казахстана. Участники мероприятия рассмотрели компетентностную модель специалистов финансового

сектора и обменялись предложениями по реформированию системы формирования навыков и знаний будущих финансистов, которая соответствует требованиям современных финансовых организаций.

Современная глобальная тенденция определяет основной целью инклюзивного роста создание инклюзивного общества, в котором нет места неравенству и существует равноправная реализация основных возможностей и потребностей. Создание единых условий для обеспечения занятости становится приоритетным вопросом в решении проблем финансовой независимости и устойчивости как каждого индивидуума, так и всей страны.

Принцип инклюзивности был заложен еще в Концепции по вхождению Казахстана в число 30-ти самых развитых государств мира, утвержденной Указом Президента РК Н.А. Назарбаева от 17 января 2014 года N 732.

Одним из пяти основных приоритетов создания новой модели экономического роста нашей страны, определенных Главой Государства Н.А. Назарбаевым в Послании народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», является улучшение качества человеческого капитала путем изменения роли системы образования: «Наша задача – сделать образование центральным звеном новой модели экономического роста. Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации». Человеческий капитал становится определяющим фактором инклюзивного развития.

Исходя из этого, в рамках круглого стола ведущие ученые и экономисты обсудили ряд вопросов касательно содержания программ финансовых специальностей, инклюзивного роста в программах ВУЗов по подготовке финансистов компетенции выпускника-финансиста и мн. др.

В этой связи активизация сотрудничества Высшей школы экономики и бизнеса с Международным финансовым центром Астана очень своевременна. В рамках круглого стола состоялось подписание Меморандума между КазНУ им. аль-Фараби и МФЦА, целью которого является установление основы для сотрудничества по многим направлениям. Это – развитие кадрового потенциала и подготовка специалистов в сфере исламского финансирования, исламской экономики, «зеленых» финансов и финансовых технологий, проведение международных конференций, круглых столов и семинаров по актуальным научным проблемам, вопросам образования, совместное выполнение научных проектов и мн. др.

По мнению обеих сторон, такое сотрудничество будет способствовать достижению устойчивого инклюзивного роста в Казахстане и качеству подготовки кадров для национальной экономики и финансового сектора в частности, так как реформирование финансового сектора имеет первостепенное значение для достижения целей инклюзивного роста.

**Ж.Б. КАЗБЕКОВА,**  
*PhD, и.о. доцента,*  
*заместитель декана ВШЭБ;*  
**А.М. НУРГАЗИНА,**

*к.э.н., и.о. доцента кафедры финансов*

# «МАТЕМАТИКТЕРДІҢ БАУЫРЖАНЫ» АТАНҒАН ПРОФЕССОР

Жалғасы. Басы 1-бетте



Факультет ғалымдары Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Теориялық математика және ғылыми есептеулер институтымен бірлесіп өткізген ғылыми семинарда жасаған 29 баяндамада математиканың түрлі мәселелері қарастырылды. Өнегелі ұстаз, белгілі ғалым-математик, профессор С.Е. Темірболат айналысқан математикалық талдау мен математикалық физиканың қисынсыз және кері есептерімен қатар іргелі математиканың Дирихле есебі, Галеркин әдісі, графтардағы дифференциалды операторлар мен олардың спектралды талдауы, гидродинамика мен Соболев кеністігінде пайда болатын электродинамика есебін шешу, Соболевтің классикалық теоремаларына толықтырулар сияқты мәселелері мен бүгін өзекті болып отырған актуарлы математика, латын өліпбиіне өту, заманауи оқулықтар жазу ерекшеліктері, математикалық талдау мен өндіруі төмендеген мұнай кен орындарының материалды-техникалық жасақталуының тиімді шешімдерін қабылдаудың ақпараттық жүйесін жасау туралы тың тақырыптар талқыға салынды.

Жиынға себепкер болған ғалымның жерлесі, елге белгілі талантты математик, профессор Н.Т. Темірғалиев басшылық еткен ғылыми жиында жетекші ғалымдар мен келесі буын жас ізденушілердің жағымды жаналықтары жарияланып, жеткіншек магистранттар мен дарынды докторанттардың алдына қойылып отырған жаңа есептер мен проблемалар белгілі болды.

Саналы ғұмырын математикаға арнаған Серікқали Ескалиұлының өмірі мен тандамалы ғылыми мақалаларын, оның сүйікті мамандық саласы мен замандастары туралы ой-толғауларын, автордың әріптестерінің құнды естеліктерін қамтыған, «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген «Серікқали ТЕМІРБОЛАТ» кітабының тұсаукесерін басылымның бас редакторы, универ-

ситетіміздің ректоры, академик Ғалым Мұтанов кіріспе сөзбен ашып, факультет деканы Д.Б.Жәкебаев мырза жүргізген жиынға зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы зор профессор С.Е. Темірболаттың әріптестері, ҚР Президенті кеңсесі бастығының орынбасары, саясаттану ғылымдарының кандидаты Темірболат Бақытжан Берікбайұлы және басқа да туыстары қатысты. Дифференциалдық тендеулер және басқару теориясы кафедрасының профессоры, ф.-м.ғ.д. Ж.Сүлейменов «Профессор Темірболат Серікқали Ескалиұлының ғылыми және ұстаздық жолы» атты баяндама жасады. Шараға келген қонақтар – Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің Теоретикалық математика және ғылыми есептеулер институтының директоры, ф.-м.ғ.д., профессор Н.Т. Темірғалиев, ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті Математика және математикалық пішіндеу институтының директоры, ф.-м.ғ.д., академик Т.Ш. Кәлменов, Информатика және ақпараттық технологиялар институтының директоры, ф.-м.ғ.д., академик М.Н. Қалимолдаев, ғалымның үздік шәкірттерінің бірі, Абай атындағы ҚазҰПУ проректоры, профессор М.Ә. Бектемесов естелік айтып, соңында Серікқали Ескалиұлының отбасы атынан сөз алған зайыбы Гүлмайра Ибадуллақызы шараны ұйымдастырушыларға, университет ұжымы мен басшылыққа алғысын білдірді.

Кітап беттерінен мехматты 1960 жылы тәмамдап, «Есептеу математикасы» мамандығы бойынша ең бірінші диплом алушылар қатарында болған Серікқали ағаның өзі студент шағында сабақтарына қалмай қатысып, оқыған дәрістері мен берген ілім-білімдерін аса зор ықыласпен игерген ұлық ұстаздары – академиктер К.П. Персидский мен М.В. Пентковский, доценттер Х.И. Ибрашев, Ш.Е. Еникеев және Г.Н. Бағдатдинов жайлы жазған жылы лебіздерін оқып, шәкірттік алғыс-сезімдерін сезе аласыз.

Көрнекті математиктің өмір жолына тағы көз жүгіртер болсақ, кітапта баяндалғандай, Серікқали Темірболат университеттен кейін жастайынан көксеген ғалым болу арманын мамандығын ұштауға жолдама алған Новосібір қаласы маңындағы Академия қалашығында жүзеге асырды. Атақты ғалым, Лениндік және КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының иегері академик М.М. Лаврентьевтің жетекшілігімен өткен ізденуге толы үш жылды кандидаттық диссертация қорғаумен аяқтаған жас ғалым 1968 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленіп, университетке қайтып оралады. Он бес жылдай есептеу математикасы (1968-1972, 1984-1989 жылдары) мен дифференциалдық тендеулер және математикалық физика (1991-1997 жылдары) кафедраларының меңгерушісі болып, білім алған факультетте өмірінің соңына дейін үздіксіз қызмет атқарды.

Профессор С.Е. Темірболаттың кейінгі

ізденістері дифференциалдық тендеулердің шеттік есептер тобынан қисынсыздарын ажыратып алу мен оларды шартты қисындылық деңгейіне жеткізуге арналды. Осы мәселелерді шешу жолында ғалым құрған екі жаңа әдісті пайдаланып, гиперболалық және параболалық түрдегі тендеулерге түрлі қисынсыз есептер тобын шешу мүмкіндігі ашылды. Осы бағытта жалғасқан жұмыстар Серікқали Ескалиұлы 1990 жылы Новосібір қаласында КСРО ҒА СБ Математика институтында «Параболалық және гиперболалық тендеулерге арналған шартты-қисынды есептер теориясын зерттеу» тақырыбында қорғап шыққан докторлық диссертацияға ұласты.

Физика-математика ғылымдарының докторы С.Е. Темірболат жариялаған ғылыми жұмыстардың жалпы саны 110-нан асады (оның төртеуі монография, сегізі оқу-әдістемелік құрал). Ішінде ағылшын тілінде жазылып, Нидерландия елінде шыққан бір монография мен жиырма шакты Одақ деңгейіндегі әлемге әйгілі ірі орыс тілді математикалық (ДАН СССР, «Сибирский математический журнал», «Дифференциальные уравнения» сияқты) ғылыми журналдарда басылған мақалалары бар. Профессор С.Е. Темірболаттың белсене араласқан қоғамдық жұмыстары мен ғылыми-педагогикалық еңбектері еленіп, лайықты

Ж.Сүлейменді, Ж.Тоқыбетовті, Ш.Сахаевты және т.б. ғылымдағы ізбасар інілері мен ұстаз тұтқан шәкірттерін, қоғам қайраткерлерін, ЖОО ректорлары мен басшыларын, КСРО Халық артисі Әлібек Днішев бастаған нағашыларын, жастайынан бірге өскен достарын, үлгі тұтар бауырлары мен мақтаныш санайтын жерлестерін көруге болады. Бұдан біз ғылым жолында үлгі тұтқан академиктер, әкелі-балалы Лаврентьевтердің, Г.И. Марчуктың, К.П. Персидскийдің, А.Д. Таймановтың, О.А. Жәуітқовтің, Ө.М. Сұлтангазиннің, Ө.А. Жолдасбековтің шапағатын көрген Серікқали ағаның өзінің де кейінгі буынға мейірімін төгіп, қамқорлық жасап, жанашыр болған азаматтық қадір-қасиетін, ағалық тұлғасын тани аламыз. Естелік жазғандар ғалымды әр қырынан сипаттап, турашылдығымен талайларды тондырған, шындықты бетке айтатын, жалтақтамайтын, ешкімнен қаймықпайтынын, ағамыздың қулығы мен арамдығының, ішкі есебі мен бүкпесінің болмағанын ашып жазады.

«Бір қарағанда Серік ағайдың жүзі өте сұсты көрінетін. Кейде ол кісіні математиктердің Бауыржан Момышұлы ма деп қалатынбыз». Дәл осылай жазады өз естелігінде ғалымның шапағатын көрген, ұзақ жылдар сырлас, дәмдес болған Қорқыт ата атындағы Қызылорда



бағасын алды. 2009-2014 жылдары ҚР БЖҒМ іргелі математика саласы бойынша ғылым грантын бірнеше мәрте иеленген ол Одақтық АОЖБ министрлігінің, ҚазҰУ Құрмет грамоталарымен марапатталған, «Қазақ ұлттық университетінің құрметті кафедра меңгерушісі» (2001 ж.), ҚР БЖҒМ «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2008 ж.) атақтарының да иегері.

Кітапты парактай отырып, Серікқали ағаның әдеби шығармашылық қырын да аңғаруға болады. Ғалым туып-өскен ортасын жылы сезіммен еске алып, студенттік шақта қызықты күндерді бірге өткізген достарын жеңіл әзілмен сипаттайды. Өмірде тірек болған туыс аға-інілерін жақсы атап, ғылымда ақыл-кеңестерін аямаған академик-ұстаздарына деген ыстық ықыласын, зор ризашылығын білдіреді.

Өз кезегінде, кітапта жазылғандай, профессор С.Е. Темірболатты туған-туыстары да, әріптестері мен шәкірттері де, сыйласқан құда-жекжаттары мен көршілері де қатты қадірлеген. Естелік жазғандардың ішінен атақты математиктер, Серікқали Ескалиұлының ғылымдағы жанкештілігі мен табандылығын жазған ресейлік академиктер В.Г. Романовты, С.И. Кабанихинді, ұлтына деген перзенттік адалдығын ашқан қазақстандық академиктер М.Өтелбаевты, Б.Т. Жұмағұловты, Р.Ойнарулы, А.А. Қалыбайды, азаматтық келбетін сипаттаған профессорлар Н.Т. Темірғалиевті, Е.М. Хайруллинді, Ә.Әбілдаевты,

мемлекеттік университетінің доценті, ф.-м.ғ.к. Төребай Ділман.

Сөз соңында профессор С.Е. Темірболат ағамыздың өмірлік серігі, адал жары Гүлмайра жеңгемізбен жарты ғасырға жуық бақытты ғұмыр кешіп, дүниеге ұл мен қыздар әкелгенін, ұрпағын алақанында аялаған бақытты әке, немерелеріне аяулы ата атанғанын да айта кеткен жөн. Бүгінде Қазақстан теміржол көлігі ҒЗИ директоры болып қызмет атқаратын ұлы Нұрланның әке жолын қуып, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу университетін үздік бітіргенін, сол ғылым шаңырағында физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғап шыққаны, ал қызы Нұрайшаның ғылымда өз орнын тауып, заң ғылымдарының кандидаты атағын иемденуі ата-аналарының үміттерін ақтағандары деп білеміз. Сондықтан кітаптың соңғы тарауының «Ізін қалды өшпестей...» деп аталып, онда ғалым-ұстаздың туған бауырлары мен ұл-қыздарының жан тебіреністерінің орын алғаны заңды сияқты.

Көпшілік оқырманға, студенттер мен ғылыми іденушілерге арналып «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген кітаптың өте пайдалы, ал жинақ кейіпкерінің өмір жолының жастарға үлгі-өнеге болатынына кәміл сенеміз!

**Болат ӘБЕНОВ,**  
ақпараттық жүйелер кафедрасының  
аға оқытушысы



1 ақпан күні Әл-Фараби кітапханасында «Өнегелі өмір» сериясымен «Ахмет Жұбанов» кітабының тұсаукесер рәсімі өтеді

Жалғасы. Басы 1-бетте

**РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ**

**ҰЛТТЫҚ КОД –  
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ТҮПНЕГІЗІ**

тәуелсіз өзімен-өзі болып табылатындығы, үнемі өзіне-өзі оралып отыратындығы, өзін-өзі үздіксіз қайталайтындығы т.б. арқылы ашылады.

Әрбір ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктері мен сапалары бар. Біз, өз халқымыздың тұтас болмысын, тек өзіміз өмір сүріп тұрған заманымыз тұрғысынан ғана бағалай аламыз, басқаша болуы да мүмкін емес. Біз, ұлттық болмысымызды қаншама рет зерттесек те, зерделеп қарасақ та, бәрібір, мұздаудың теңіз бетіндегідей бөлігін ғана көре аламыз. Ал теңіз астындағы үштенекі бөлігі бұл трансценденция, түпкілікті танылмайтын феномен. Міне, бұл – ұлт кодының сакральділігі. Бұл имманентті тұрғыдан алғанда, яғни, өзіміздің болмысымызда өзіміз таныған жағдайдағы көрініс, ал өзге ұлт өкілдерінің ғалымдары қазақ халқының дүниетанымын зерттеген жағдайда, осы Кодқа кезігеді. Кодтың шифрын жартылай болса да ашу – оған оңайға түспейді.

Демек, ұлттық кодты ашу тәсілдерінің бірі, ол – тарихи жадыны жаңғырту. Бейнелі, рәмізді түрде айтқанда, халқымыздың тарихының әрбір кезеңінде «өмір сүру», сол кеңістік пен уақыт аясында «болып» қайту, сонда ғана сол заман өзінің шынайы келбетін паш ете алады. Бұл дегеніміз – Робинзон Крузо секілді, өзін-өзі алдаусыратып рыцарлық қоғамға еніп кету фанатизмі емес, сол дәуірді рационалды-эмоционалды қабылдау, тарих тұңғығының сырын «көңіл көзімен көре білу», өткенмен

нұрлану экстазына түсу, архетиптік алаңның «есігін» ашып, оған ену. Өткен тарихты білмей, қазіргі заман тарихын түсіну мүмкін емес екендігі белгілі жайт, басқаша айтқанда, қазіргі заман тарихын терең түсінудің алғышарты – осы заманға дейінгі тарихты білу.

Өткен ата-бабаларымыздың санасы, ділі, дүниетанымы қазіргі біздің бейсанамызбен тығыз байланысты болатындығын К.Г.Юнг «ұжымдық бейсаналық» деп атаған болатын. Ол біздің бейсанамыздағы ата-бабалар дүниетанымының көмескілеу елес беретін, бұлдырлау көріністерін, үнемі жарыққа шығуға ұмтылатын сарқыншақтарын «архетиптер» деп атаған болатын. Ендеше, архетиптік кеңістікке (архетиптер үйіне) енген сәтте, егер де Сіз, өз халқыңызды шынайы сүйетін болсаңыз! Ата-баба Рухын шын пейілмен құрметтейтін болсаңыз! Тарихыңызды бағалай да, аялай да білетін болсаңыз! Онда архетиптік алаң Сізге төрінен орын береді, шынайы тарих Сіздің санаңызға әлдебір қуат көздері арқылы құйылады, өзінің ішкі бүккен сырын жариялауға ерікті-еріксіз түрде мәжбүр болады. Сізге өзінің қыр-сырын бүгінгі өмір сахнасына алып шығуға деген сенімін шын пейілімен білдіретін болады, тарихымыздың рухы Сізге өзін бүгінгі заманға жариялауға Рұқсат қағазын беріп, мөрін соғып береді. Сіз сол сәтте архетиптік кеңістіктен «көңіліңіздің көзі» ашылып, үлкен жауапкершіліктермен оралатын боласыз. Бұл өткеннің рухы мен бүгінгінің

рухын байланыстырудың жауапкершілігі, сол сәтте рухани жаңғыру өріс алады. Рухани жаңғыру – ата-баба рухының «қайта тірілуі», «бүгінге оралуы» деген сөз.

Халықтың генетикалық болмысы тек сол ұлттың өзіне ғана тән басқа халықтардан айрықшалайтын, табиғи түрде тағайындалған биоэволюцияның көрінісі, жаратылыстың бұлтартпас заңдылығы. Мәселен, адасқан бәзбіреулер секілді, қанша жерден орыс тілін игеріп, орыстарға еліктеп, қазақтықтан қашсақ та, қаныңды тастап кете алмайсың. Қазақ болып туған соң, қазақ болмай өмір сүру мүмкін емес. Бұл – ұлттық кодтың табиғи генетикалық көрінісі.

Ұлттық кодтың барынша айқын көрінісі, ноуменальді феномені: Тек, Тіл, Діл, Дін.

М. Хайдеггер: «Тіл – болмыстың үйі» деген тұжырымға келеді. Аналогиялық түрде, «Қазақ тілі – қазақ болмысының үйі». Ендеше, Қазақ болмысы қазақ тілін пана тұтады. «Бүгін менің ана тілім жоғалар болса, мен қазір-ақ өлуге дайынмен» деген даналық сөздің мағынасы да – осы. Нақтырақ айтқанда, үйі жоқ болмыс – панасыздықтан жоғала бастайды, болмысы жоғалу, сол ұлттың өзінің жоғалуы.

**Лесхан АСҚАР,**  
ҚазҰУ доценті;  
**Берік АТАШ,**  
ҚазҰАУ профессоры

**АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ**

**Кешегі Алаштың арда азаматтарының ел үшін атқарған еңбегі орасан. Орынборда II жалпықазақ съезі өтіп, тұңғыш рет жаңа заманауи тұрпаттағы Алаш автономиясы өмірге келген күн 12 желтоқсан болатын. Қазақ азаматтарының бас көтеріп, елдік ұранды ұлықтау үшін ұжымдасуы бүгінде «ғаламат ғасыр» мұрасын насихаттауға негіз болып табылады. Осы мақсатта қарашаңырақ ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті университет жанындағы «Керемет» студенттерге қызмет көрсету кинотеатрында «Алаштың 12-желтоқсаны» атты деректі фильмнің көрсетілімін өткізді.**



Шымалдығы Мемлекеттік әнұранмен ашылған фильмді университет ұстаздары мен студенттер қауымы тамашалады. «Алаштың 12-желтоқсаны» деректі фильмі – қазақтың оқыған, саналы азаматтарының көзқарастарын бір арнаға тоғыстырып, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» аңсаған, елді бірлікке, ынтымаққа, білім алуға, пайдалы кәсіппен айналысуға шақырған алаш арыстарының өнегелі үндеулері мен сүбелі сөздерін біріктірген туынды.

Көрсетілімнен кейін сөз алған факультет деканы Меңдігүл Ноғайбаева: «Бізбалаларымыз аңсап өткен еркіндік, азаттықтың ақ таңында өмір сүріп жатырмыз. Олардың ұлттық мүдде жолындағы жан аямай кіріскен жұмыстары мен жалынды сөздерін ұмытпауға тиіспіз.

Бабалар аманатын ұлттық таным тұрғысынан ұлықтап, өзіміз де соны бағдар етіп ұстап, «ұрпақ үшін қандай қызмет ете алам?» деген бағытта қарекет қылуымыз қажет», – деп пікір білдірді. Ұстаздар мен студенттер тарапынан да ұтымды ойлар, келелі көзқарастар айтылып, Алаш алыптарының жырлары оқылды.

«Ұлттық тәуелсіздік, Ұлттық мемлекет, Ұлттық кенес, Ұлттық шекара, Ұлттық бірлік» деген ұлы сөздерді тудырған, ұлттық санамызға қозға салып, ұлы істерімен тарихқа іздері түскеніне тура бір ғасыр өтсе де ұмытылмаған, керісінше, уақыт өткен сайын құндылығы арта түскен осынау күрделі уақыттың кейіпкерлері ұрпақ санасынан өзіндік орын алуы тиіс. Өнегелі істерімен өрелі пайымның шыркуа шегіне жетіп, өзіндік хәм өмірлік максаттарына мән-мағына толтырған, «өз елінің тізгінін, болашақтың ізгі үнін жеткізеді» деп жастарға бір кісідей сенім білдірген Алаш ардақтылары бүгінгі болашаққа асқаралы айбынмен, адуынды айбармен, асқан жасампаздықпен қарайтын қазақ ұлтының өнегелі өмірінің өшпейтін тамыздығы бола бермек.

**А. ТОҚСАНБАЕВ,**  
тарих, археология және этнология  
факультетінің аға әдвайзері;  
**Ә. ЖАНБОЛАТОВА,**  
3-курс студенті

**Елбасымен рухани жаңғыруға**

**Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – ұлт руханиятын XXI ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деп айтсақ, еш қателеспейміз. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып, XXI ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап берді. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған болатын. Осы орайда тарих, археология және этнология факультетінде «Кітапхана ісі» мамандығының 3-курс студенттерінің қатысуымен «Елбасымен рухани жаңғыруға» атты рухани танымдық іс-шара өтті.**



Шара барысында студенттер «Сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, яғни бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығын талқылап, бұл бағыттардың орындалуында кітапханалардың ерекше рөл атқаратындығын көкейге түйді. Сонымен қатар, «Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру», «Жана гуманитарлық білім», «Қазақ тіліндегі 100 жана оқулық» жобалары, «Туған жер» бағдарламасы, «Қазақстанның қасиетті жерлері» және «Қазақстандағы 100 жана есім» жобалары негізінде жастардың мәдени,

рухани дамуында кітапханалардың көптеген іс атқарып жатқандығы да атап өтілді. Жастар еліміз әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білікті де білімді маман болуға, Елбасы ұсынған рухани жаңғыру идеясын жүзеге асыруға белсене атсалысуға уәде берді.

**Т.Н. МҰХАЖАНОВА,**  
т.ғ.к., дүние жүзі тарихы, тарихнама және  
деректану кафедрасының аға оқытушысы;  
**М. ИНЖИРХАН,**  
«Кітапхана ісі» мамандығының  
3-курс студенті

# АРМАНДАР ОРЫНДАЛҒАН қалашықтан асқақ болашаққа...

**«Мамандықтың бәрі жақсы, қалауыңша таңдап ал» дейді дана халық. Мамандық таңдау – жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Олай болса, мамандық таңдау болашақ өмірдің кірпішін қалау деген сөз емес пе?!**

Адам армандай білуі керек. Біреу көп ойдың үстінде жүріп, ұзақ армандайды. Біреулер белгілі бір оқиғалар әсерімен орта жолдан армандайды. Кей арман белгілі тұлғалардың ықпалымен қалыптасады.

Мектепте оқып жүргенімде қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі мені көркем сөз оқу сайыстарына жиі қатыстыратын. Бірде 10 сыныпты аяқтауыма аз қалған кезде республикалық Глияс Жансүгіров оқуларына қатысу мүмкіндігіне ие болдым. Сайыс Талдықорған қаласы, Ақсу ауданы, Глияс Жансүгіров ауылында өтті. Еліміздің әр түрлінен жыр сүйер қауым жиналды. Қазылар алқасында бас төреші болып Нұртілеу Иманғали отырды. Сол кісінің сөйлеген сөзіне, өзін-өзі ұстауына, сайыскерлерді әділ бағалауына тәнті болдым. Сайыс біткен күннен бастап Нұртілеу Иманғалиұлын зерттеумен болдым. Сөйтіп, Нұртілеу ағам бітірген қарашаңырақ ҚазҰУ-дың жұрпағы менің арманым айналы. Әлемдегі 40 мыңға жуық мамандықтардың ішінен журналистиканы таңдауыма түрткі болған да осы кісі.

Журналист мамандығы – қиындығы мен қызығы қатар жүретін, жан-жақты білімділікті талап ететін жауапты сала. Үлкен жауапкершілік артылған мамандыққа баруға



Досжан Балабекұлының фотосы

асқақ арманымның арқасында бел будым. Бүгін де арманым орындалып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде білім алудамын. Оқытушыларымның оқыған дәрістерінен кейін болашақта білікті маман иесі атанатыныма сенемін.

Ақтөбеден Алматыға алып ұшып жеткізген арманның асқақ лебі болса, сол арман әсем қалада, ҚазҰУ-дай қарашаңырақта биік мақсаттарға жол ашты. Жастық өмірдің алғашқы баспалдағында өзің қалап таңдаған мамандығыңның студенті атанудан асқан бақыт бар ма?! Мен бақыттымын, ҚазҰУ студентімін! Болашақ журналистпін! Армандар орындалған қалашықтан асқақ болашаққа ұмтылып келемін!

**Аружан АМАНЖОЛОВА,**  
журналистика факультетінің  
1-курс студенті;

Жетекші: доцент **Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА**

**Елімізде ғана емес, әлемге әйгілі, талай түлекке арман болған, беделді білім ошақтарының бірі ҚазҰУ-да оқу барлық студенттерге бұйыра бермейтін бақ. Ал маған аталған білім ордасында оқу бақыты бұйырыпты!**

# Киелі орда

деп аталған кешіміздің мақсаты Шекспирдің таққа айырбастамаған қазынасы, Елбасымыз атап өткен адамзаттың ең сабырлы ұстазына айналған сан ғасырлар тарихының тоғысына айналған кітапты оқырмандарға дәріптеу болатын. Жұмылып алға қойған мақсатымыз, кітап құндылығын арыдан қозғап, тарихынан сыр шертіп, жастардың рухани байлығын арттыруға үлес қосып, қоғамның әлсіреген тұсына мән беріп, рухани азғындықтан арылуға үндеп, үлкен ой тастадық.

Кешіміз тобымыздағы айтыс ақынының арнауымен өз шымылдығын түрді. Әрі қарай ақындардың кітап жайлы құнды өлеңдерімен жалғастырып, өз тобымыздың ақындарының жүректерін жарып шыққан шумақтарымен жалғадық. Кешегі ұлылардың қалдырған кітаптарын санамызда жаңғырту мақсатында өткен ойындар, кітап пен кітапханашылар жайлы баяндалатын бейне баяндар, рухымызды асқақтатып, ұлтын сүйеге үндейтін «Туған жер», ардақты ұстаздарымыз жайлы әндер шыркалып, құрақ құрышын қандырды. Бірі әнші, бірі ақын, енді бірі кара сөздің шебері болған тобымыздың студенттері аянып қалмады. Кешіміздің ауызбіршілікпен жоғары деңгейде өтуіне ұстазымыз Майра Тасболатқызының сіңірген еңбегі ерен.

Біз осындай үздік білім ордасында білім алғанымызбен мақтанып қана қоймай, болашақта оқу орнының беделін одан әрі шарықтату жолында аянбай еңбек етуге уәде береміз!

**Жанар ӘБСАТТАР,**

«Кітапхана ісі» мамандығының  
1-курс студенті;

Жетекші: аға оқытушы  
**Майра РАЙЫМБЕКОВА**

# «СПОРТҚА КЕЛУ ЕШ УАҚЫТТА КЕШ ЕМЕС»

**2018 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы жолданды. Осы тақырыпта шығыстану факультетінде «Айналанды нұрландыр» және «Салауатты өмір салты» атты жобалары аясында халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бокстан Қазақстанның еңбегі сіңірген жаттықтырушысы, Сидней Олимпиадасының чемпионы Ермахан Ибраимовпен кездесу өтті.**



Ермахан Ибраимов өз сөзін жастарға қарата айтты. Ел болашағы білімді жастар екендігін, Елбасы Жолдауында да жастарға үлкен сенім артылғанын тілге тиек етті. Жолдауда еліміздің нақты қадамдары айқын көрсетілгеніне жастардың назарын аударды. «Мемлекетті табысты басқару – сендердің қолдарыңда, өйткені сендер білімді, тәрбиелі, озық мемлекеттің жастарысыңдар. Оның үстіне ең рейтингі жоғары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқып жүрсіңдер. Мен де осы қарашаңырақ ҚазҰУ түлегімін. Қарапайым шопанның баласы осы биіктерге қалай жетті? Ол еліміздің тыныштығы, Елбасының үнемі спортқа қамқорлығы, халқымның маған деген сүйіспеншілігі мен өзімнің тынбай еңбектенгенімнің арқасында орындалды. Мен спортшы болсам деп қатты

армандадым және соған талпындым. Міне, нәтижесін өздеріңіз көріп отырсыңдар. Қазір республикалық боксқа дайындау орталығының директорымын. Спортқа келіңіздер. Еш уақытта спортқа келу кеш емес. Тек ғана шын ниет пен тынымсыз еңбек болса болғаны. Сонда ғана біз салауатты зайырлы мемлекет боламыз», – деген чемпионның сөздері жастарға ерекше рух берді.

Студенттер кездесуде Ермахан Ибраимовқа түрлі сұрақтар қойып, қызықты жауаптар ала алды. Ермахан Сағиұлы жастарға тағылымды сөз айта отырып, олармен етене пікірлесті. Шара соңында студенттер естелік суретке түсіп, кездесуден ерекше әсермен тарқасты.

**Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,**

Түрксай кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

**Еліміздегі білім мен ғылымның қара шаңырағы ҚазҰУ-да ұстаздармен қатар университет дамуына өз үлестерін қосып жүрген мамандардың еңбегін бағалау және қолдау көрсету мақсатында «Ең үздік маман» байқауын ұйымдастыру дәстүрге айналған. Бұл байқау университет мамандары мен қызметкерлері арасында биыл алтыншы мәрте өтті.**

# ЕҢ ҮЗДІК МАМАН

Университет басшылығы мен кәсіподақтың ұйытқы болуымен өткен байқауға ректорат пен факультетте қызмет етіп жүрген мамандар қатысты. Байқауға қатысушылардың еңбек өтілімен қатар олардың жұмысты атқару дәрежесі мен тәжірибесіне, біліктілігіне және факультеттің, департаменттегі еңбек ұжымдарының мамандар туралы пікіріне назар аударылды.

Аталмыш сайысқа ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінен ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының маманы Ұлпан Шаңбаева да қатысты. Ол байқауда «Ең үздік маман» дипломымен марапатталып, еңбек ұжымының өзіне артқан сенімін ақтап шықты. Ұлпан Сабенқызы – кафедрада біраз жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан тәжірибелі, еңбекқор жан. Білімі жоғары, магистратураны үздік бітірген, кафедра жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Кафедраның ұстаздар ұжымы университеттің үлкен еңбек ұжымының ішінен топ жарып шығып үздік маман атанған Ұлпанды шын жүректен құттықтап, жұмысына табыс тілегіміз келеді. Өмірің ұзақ та шуақты, денің қуатты, бақытың баянды болып еңбегің жана берсін!

**Р.Т. НАРАЛИЕВА, Б.И. ДОСАНОВ,**

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының  
аға оқытушылары

# ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ҚЫЗМЕТ

**Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі де дені сау ұрпақтың қолында. Салауатты ұрпақ қалыптастыру ісінде ҚазҰУ-дың «Smart Health» медициналық диагностикалық орталығы өзіндік соны соқпақ салды десек артық айтқандық емес. Оңтүстік Кореядан айтулы профессорлардың арнайы келіп, науқастарға қызмет көрсетуі – бұл клиниканың үлкен жетістігі. Сондай-ақ корейлік мамандар науқастарға кеңес беру барысында жергілікті дәрігерлерге шеберлік-сыныптарын өткізіп жүргені белгілі. Осы орайда клиниканың бүгінгі жай-күйімен жете танысу үшін мамандармен пікірлескен едік.**



**Эрнест ҚАЛИЕВ,**  
*«Smart Health» медициналық диагностикалық орталығының директоры*

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығы «Кангнам Северанс» клиникасының басшылығымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Нәтижесінде Алматыда «Smart Health» студенттерге медициналық қызмет көрсету орталығының корейлік үлгідегі орталығы құрылды. Мұнда медицина қызметкерлеріне қойылар талап жоғары. Қызмет көрсету деңгейі пациенттердің Оңтүстік Кореяда алған нәтижесін алуға кепілдік беруі керек. Диагностикалық орталықты қаржыландыруға ҚазҰУ 3,7 млн. АҚШ долларын

бөлі. 2012-2013 жылдары екі жақтан да мамандар тобы көптеген байланыстар жасады. Төрт айда бір рет «Кангнам Северанс» клиникасынан мамандар тобы келіп, ұсыныстар мен ескертулерін айтып отырды. Университет сондай-ақ қызмет көрсету, денсаулық сақтау, дәрі-дәрмектер және т.б. жүйесінде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Медициналық орталықтың құрылуына бір жылдан астам уақыт қажет болды.

2014 жылы 37 медициналық техника сатып алып орнаттық. Басқарушы компания құрып, оны тіркедік. Сосын қызметкерлерді жұмысқа қабылдадық. Тәжірибеден өту үшін «Кангнам Северанс» клиникасына 6 дәрігер, 4 орта білікті маман және 2 ІТ-маман жіберуге мүмкіндігіміз болды. Осылайша, жоғары білікті кадрлармен, тиісті жабдықтармен және қондырғылармен қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. 2014 жылдың қазан айында лицензия алдық.

Елбасы Оңтүстік Кореядан келген көптеген қонақтардың қатысуымен виртуалды лентаны кесіп, диагностикалық орталықты ашты. Біз өте жас медициналық орталық болғандықтан, әлі де даму үстіндеміз. Бірақ бұл даму қарқынды түрде жүзеге асуда.

**Гүлмира ЖҰМАБАЕВА,**  
*кардиолог*

–Бүгінгі таңда кардиолог мамандығы өте маңызды. Әлемдік статистика бойынша жүрек ауруларына шалдыққан адамдар саны бірінші орында. 40 жастан асқан адамдардың жүрегі сыр бере бастайды. Біз «Кереметтегі» диагностикалық орталықта жүрек ауруларының алдын алуға, медициналық кеңес беруге барынша септігімізді тигіземіз. Біздің орталықта жалпы анализ тапсыруға болады.

Біздің басқа медициналық орталықтар мен ауруханалардан басты артықшылығымыз – кешенді қаралудан бөлек, науқастың анализін анықтап, диагнозын бірден қоямыз. Барлығы бір жерде қарастырылған. Бұл Еуропалық стандарттарға сай. Қазір бізде «телемедицина» жүзеге асырылуда. Болашақта Холтер құрылғыларын сатып алу жөніндегі мәселені басшылықпен талқылаудамыз. Ол науқастың жүрегінің ЭКГ, қан қысымын 24 сағат бойы қадағалап отырады. Аурудың асқынып кетуіне жол бермейтін, алдын алатын көмекші құрал. Ғалымдардың айтуынша, адам күніне кем дегенде 30-40 минут қарқынды түрде іс-қимыл жасауы қажет. Яғни дене жаттығулары, жүру, жүгіру және т.б. Тіпті спорт залдарына баруға мүмкіндік болмаса да, ғаламтордағы жаттығулар видеосын қосып, билеп, шынығып қимылдау қажет.



Фото: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



**Нұрбике НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ,**  
*орталық қызметкері*

–1984 жылы Алматы қаласындағы Республикалық медициналық училищесін тәмамдаған соң, Республикалық балалар емханасында 32 жыл бойы жұмыс атқардым. 2014 жылдан бастап осында емдеу-егу бөлімінде қызмет етіп келемін. Орталықта халыққа қызмет етудің өзі өте ыңғайлы. Барлық жағдай жасалған. Біз үшін әрбір емделушінің денсаулығы, жай-күйі аса маңызды.

**Гүлзабира МЫРЗАХЫМЕТҚЫЗЫ,**  
*орталық қызметкері*

– Медициналық орталықта барлық қызмет түрлері бір жерде қарастырылған, оңтайлы әрі қолжетімді. 2014 жылдан бастап ҚазҰУ студенттері мен оқытушыларына қызмет жасаса, 2017 жылдан бастап қызмет көрсету аясы кеңейтіліп, қала тұрғындарына да медициналық қызмет көрсете бастады. Жаңа технологиялық қондырғылармен жабдықталған тіркеу, егу, қарау т.б. бөлімдер бар. Медициналық жабдықтар бойынша Оңтүстік Корея мемлекетіндегі бірнеше емханалар мен медициналық білім беретін университеттер қолдау көрсетеді. Қызмет көрсету бағыты Оңтүстік Кореяның жобалау моделіне сай келеді.



Бетті дайындаған: Назым САМЕТ, Студенттік баспасөз орталығы

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

**Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс: №3040**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.